



Ақмешіт

7 мамыр
жұма
№36 (1738)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

апталығы



АЗАМАТ, СЕН ОТАННЫҢ ҚОРҒАНЫСЫҢ!

Бір замандарда қаз дауысты
Қазыбек би бабамыз: «Біз қазақ деген
мал баққан елміз, бірақ ешкімге
соқтықпай жай жатқан еліміз.
Елімізден құт-береке қашпайсың
деп, жеріміздің шетін жау баспасын
деп найзаға үкі таққан еліміз;
ешбір дұшпан басынбаған еліміз,
басымыздан сөзді асырмаған еліміз.
Досымызды сақтай білген еліміз,
дәмі-тұзын ақтай білген еліміз...»
деп қазақ қанша жерден момын
болса да елі мен жерін қорғай алатын
айбынды жұрт екенін айтып кеткен.
Егемен еліміздің айбыны,
шекарамызды қорғаушы,
мемлекетіміздің тірегі әскеріміз
екені әмбеге аян. Тәуелсіздіктің
алғашқы жылдарында Елбасының
бастамасымен құрылған
Қазақстан Қарулы Күштері бүгінде
мемлекетіміздің шын мәніндегі
қорғанына айналды.



Тарихқа үнілсек, қазақтан шыққан батырлар аз емес. Қазақ-
жоңғар соғысында батырлығымен дараланған Бөгенбай мен
Қабанбайды, сұлтан біткен аяқ тартқан Исатай мен Махамбетті,
немістің қоршауын сан мәрте бұзып шыққан Бауыржанды,
қайсарлығымен ерекшеленген Қасымды, Рейстакха ту тіккен
Рақымжанды, жауды әуеден тойтарған Талғатты, «Еркек тоқты
құрбандық» деп тәуелсіздік жолында жанын қиған Қайратты
бар қазақ қадір тұтады. Өйткені олар қазақтың қайсар рухты
ұлдары деген атқа әбден лайық. Ел шебін ерлермен бірдей
қорғаған қыздар да жеткілікті. Сонау Тұмар патшайымнан
бастап Әлия мен Мәншүкке дейінгі аралықта қайсарлығымен
елдің даңқын асырған арулар қашанда ұрпақ жадында
сақталатын болады.

Бұл батырлардың аттарын тектен-текке айтып отыр-
ғанмыз жоқ. Ат жалын тартып мінген азамат үшін Отан
қорғаудан қасиетті міндет жоқ. Қастерлі тудың түбінде тұрып,
ант беріп, аманат арқалаған азаматтарымыз сенімді ақтап,
тәуелсіз ел шекарасын кірпік қақпай күзетіп келеді.

Халық даналығында «Отаны бірдің тілегі бір, тілегі бірдің
жүрегі бір» деген қанатты сөз бар. Елімізді мекен етіп, осы
дархан даладан бақыт тапқан барша ұлттың жалғыз-ақ тілегі
бар. Ол – Отанымыздың амандығы, тәу етер тәуелсіздігіміздің
тұғырлығы мен еліміздің тұтастығы. Шынында да, адамзат
баласы үшін ата-анасымен, отбасымен тең тұратын ең қымбат
құндылық – Отан. Елін сүйетін әрбір азамат үшін бұл сөз ең
қастерлі ұғымның бірі болуы тиіс. Елімізді бір шаңырақтың
астына біріктіріп, Қазақ елі деп аталатын қастерлі атауға
ұйытып отырған ұлы ұғым да – осы Отан. Ал оны қорғау, оған
қызмет ету – әрбір Қазақстан азаматының ардақты борышы,
перзенттік парызы.

Бүгінде Қазақстан әскерінің қуаты жыл санап артып
келеді. Қарулы Күштер қажетті техникамен жабдықталып,
сарбаздарды дайындауда озық әдістер мен тәсілдер енгізілуде.
Мемлекет Отан қорғаушыларды барынша қолдап, қамқорлық
көрсетуді тоқтатқан емес. Әскердің тәртібі қатаң екені рас.
Бірақ бұл ауыр болса да аса абыройлы Отан қорғау міндетінің

жүгі. Сондықтан дені сау, Отанын қорғауға қабілетті әр азамат
әскер қатарында болуы тиіс. Өйткені еліміздің Қарулы Күштері
– егемендігіміздің берік қалқаны. Бір сөзбен айтқанда, әскер –
мемлекет Тәуелсіздігінің, Қазақстандағы әрбір шаңырақтың
тыныштығы мен алаңсыз өмірінің кепілі.

Туған елі мен жерін қорғау – әрбір азаматтың парызы.
Қазақ баласын осылай тәрбиелеп өсіргендігінің арқасында
осынау ұлан-ғайыр атырапқа ие болдық. Бабаларымыз
білектің күшімен, найзаның ұшымен әлемдегі жер көлемі
жағынан тоғызыншы орынды иеленетін территорияны бізге
аманат етті. Енді біз Алтай мен Атыраудың арасын жайлап
жатқан байтақ жерімізді қорғап, тәуелсіздігімізді көзіміздің
қаршығындай сақтап, Қазақстанымызды Мәңгілік Ел ету
жолында аянбай еңбектенуіміз қажет. Өскелең ұрпаққа
беретін тәрбиемізді де осы бағытқа негіздеп, туған жердің
қасиеті мен киесін ұғындырғанмыз абзал.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!
Қадірлі сарбаздар мен Қарулы күштердің
ардагерлері!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен шын
жүректен құттықтаймын!

Шебі бүтін, шекарасы берік қасиетті қазақ елі
тәуелсіздігін алған 30 жылда Қарулы күштердің
дамуына әрдайым ереке мән беріп, еліміздің
қорғаныс қабілетін нығайту жолында қуатты
армия құрды. Халқымыздың негізгі құндылықтары
болып саналатын Тәуелсіздік пен тұрақтылықты,
бірлікті, мызғымастай татулықты сақтап, бейбіт
күнде батырлыққа тең ерік көрсетіп жүрген Отан-
ды қорғауды өздерінің кәсіби міндеттері ретінде
таңдаған осы саладағы барлық жандарға шынайы
құрмет сезімінің болуы заңдылық деп білемін.
Қазақстан армиясы туған өлкенің тыныштығын
күзетуде асқан қырағалық танытып, қалтқысыз
қызмет атқарып келеді. Әлемді обігерге салып, жер
жүзіне тараған қауіпті індет кезінде де осы әскери-
лер құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп, пандемияға
қарсы іс-шаралардың алдыңғы шебінде болды.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген
аталы сөз бар. Туған жерін қорғау батыр баба-
ларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес
өсиеті болса, бүгінгі сайыпқыран сарбаздарымыз
ата-бабаларымыздың ерлік дәстүрін лайықты
жалғастырып келеді десек, қате айтқандық емес.

Қадірлі Отан қорғаушылар!

Қазақстанның Қарулы күштері бүгінде халқы-
мыздың берік қорғанына, сенімді тірегіне айналды.
Сіздердей қырағы қорғаушыларымыз бар кезде
бейбітшілігіміздің баянды, тәуелсіздігіміздің тұ-
рақты боларына сенім мол.

Осынау ержүрек және қайсар жандардың ме-
рекесінде Отан қорғаушыларға зор денсаулық,
қызметтері мен еңбектеріне табыс, шаңырақтарына
шаттық, бақ-береке тілеймін!

Өрқашан тірлігіміз тату, бірлігіміз бекем
болғай!

Құрметпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ганибек ҚАЗАНТАЕВ

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖЕҢІС КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті майдангерлер, тыл ардагерлері!
Қадірлі жерлестер!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы жеңіс күнімен шын
жүректен құттықтаймын!

Соғыс үнінің басылып, бейбіт күнде өмір сүріп
жатқанмызға биыл – 76 жыл. Келер ұрпақтың
азаттығын ойлап, азаматтық арды ту етіп, Отанды
қорғаған, майдан даласында отқа түсіп, кеудесін
оққа тосқан бабаларымыздың батырлығы
жадымыздан мәңгі өшпейді. Қайсарлық пен
батылдықтың, жанқиярлық ерліктің дастанындай
санамызда сақталады.

Бүгін көз алдымызда қатары сиреген ардагер-
леріміз – сұрапыл соғыс жылдарында бас аман-
дығын емес ел бостандығын ойлап, майданға
түскен батырлар. Бүгінгі бейбіт күнге жетуіміз
осы батырлардың Отанға, елге, туған жерге деген
сүйіспеншілігінің, қажымас қайраты мен ерік-
жігерінің жемісі.

Майдангерлеріміздің жеңіс жолындағы жан-
қиярлық батырлығы жастарды ерлік пен пат-
риотизм рухына тәрбиелеудің өзгермес өнегесі,
отан сүйіштікке баулуыңыз негізгі бастауы.

Ардақты ардагерлер!

Сіздердің майдан даласындағы ерліктеріңіз
бен тылдағы еңбектеріңіз жадымызда жаңғырып,
қатпарлы тарихымыздың ұмытылмас парағы
болып қалады. Жылдар жылжып, уақыт өткен
сайын бұл ерліктің қадір-қасиеті мен бағасы
артып, шоктығы биіктей бермек. Жеңіс жалауы
желбіреген күнде Сіздерге алғыс айтып, шексіз
құрметпен бас иеміз.

Арамызда аман-есен жүріңіздер, ардагерлер!

Қадірлі қызылордалықтар!

Баршаныңыз ұрпаққа ұран болған жеңіс күнімен
құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақ-береке,
әулеттеріңізге амандық, шаңырақтарыңызға
шаттық тілеймін!

Құрметпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ганибек ҚАЗАНТАЕВ

«Nur Otan»: аймақтық филиал конференциясы өтті

«Nur Otan» партияның
араласуымен өткен жылы 5 ай
жалақысыз қалған облыстық
балалар мен жасөспірімдерге
арналған туберкулезге қарсы
санаторий қызметкерлерінің
айлық жалақылары
өтелген. Бұл туралы «Nur
Otan» партиясы облыстық
филиалының кезекті
XXVIII есеп беру-сайлау
конференциясында айтылды.



2 БЕТТЕ

РУХТЫ АДАМ ҒАНА ЕЛІН ҚОРҒАУҒА ҚАУҚАРЛЫ



Елім деген ерлердің еңбегі – болашақ
буынның санасында мәңгі сақталар қастерлі
қадам. Әсіресе елден жырақ кетіп, жан-алысып,
жан беріскен майдангерлер туған жердің
топырағын аңсап, халық мұраты үшін қолына
қару алды. Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың
пәрменімен тәжік-ауған шекарасына аттанған
қаншама оғлан да аңызға бергісіз ерліктің ерен
үлгісін көрсетіп, қазақ халқының жауынгерлік
рухын паш еткені мәлім. Мереке қарсаңында
айтулы оқиғаның бел ортасында болған
қызылордалық ардагер, «Ардагерлер одағының»
(Тәжік-ауған шекарасында жауынгерлік
қимылдарына және әскери қақтығыстарына
қатысушылардың) республикалық қоғамдық
бірлестігінің облыстық филиал директоры
Марат Орынбайұлымен жолығып, біршама
естелікке қаныққан едік.

3 БЕТТЕ

Төлеген ЖҮНИСОВ Ұлы Отан соғысының ардагері:

ЖАСТАРҒА АДАЛ БОЛ ДЕП ЖИ АЙТАМЫН

Соғыс – жер бетіне аса зор шығын алып
келді. Оны естен шығару әсте мүмкін емес.
Адамзат тарихындағы сұрапыл кезеңнің
бірі – Ұлы Отан соғысының
аяқталғанына қаншама уақыт өтсе
де ешнәрсе ұмытылмады. Қазіргі
бейбіткүн бізге онай келген
жоқ. Сұм соғыс қаншама
сәбиді балалық шағынан
айырды, арқа сүйер
өмірлік серіктері мен
ата-анасынан көз жазып
қалды. Сұрапыл соғыста
ержүрек батырлар,
ерліктің сан
үлгісін көрсетті.
Олардың ерен
еңбегі жеңіс
туын желбіретті.
Ұлы жеңістің
76 жылдығы
қарсаңында
Отан үшін
от кешкен
аға буынның
ерлігі жайлы



естеліктердің көбірек жазылуы заңдылық болар.
Соғыс ардагеріне деген құрмет саналы ұрпақ барда
жоғалмайды. Сыр елінен майданға аттанған
ардагердің бірі – Төлеген Жүнісов атамыз.

3 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!


Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

ТАНЫМ

ҚАСИЕТІНЕН АЙНАЛАЙЫН, ҚАРА БУРА

Қазақ түйені киелі жануарлардың қатарына жатқызады. Мұхаммед пайғамбардың түймен жүргені белгілі. Сондай-ақ Желмаясына мініп жер шалған Асан қайғы да Жерұйықты түймен іздеген. Суретшілер сардаланы қобызмен күйреткен Қорқыт бабаның суретін салғанда да түйені қоса бейнелейді. Мұның барлығы Ойсылқара тұқымның қасиетті екенін ұқтырса керек.



Түйе десе бірден оның сүті ойға оралады. Өйткені шұбат пен қымыранның сан түрлі дертке шипа боларлық қасиеті бар. Бұдан бөлек оның жүнін аяқасты етпейді. Одан тоқылған киімдер жылы әрі денсаулыққа пайдалы болып келеді.

Ел ішінде осы бір жануар жайлы аңыз-әңгіме жетіп артылады. Ұзақ жол мен шөлге шыдамды жануарды керуенге де пайдаланған. Оның осындай қасиеттері ескеріліп, түйе жануары Ұлы Отан соғысына да қатыстырылыпты. Кеңес Одағының Батыры 902-ші полктің командирі, Г.Леневтің естелігінде немістер бұл жануарларды «орыс танкісі» ретінде санаған деп бағдалады. Зенбіректерді сүйретіп жүргенін көрген олар түйелерді байқаса бірден атып тастайды екен. Тіпті бір кездері Астраханьдағы жергілікті казактардан жиналған 350 түйенің екеуі Берлинге дейін барыпты. Жауынгерлер оларды «Машка», «Мишка» деп атаған көрінеді. Сержант Г.Нестеров пен көздеуші Кармлоук Рейхстагқа түйе сүйреген зенбірекпен оқ жаудырған.

Мағауия Сембайдың «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген «Ойсыл қара тұқымы ойсырамасын» атты мақаласында соғыс біткеннен кейін оларды немістерге сойып беруді көзлеген үлкен шенді командирлерге сарбаздар қарсы шығып, қос түйеге араша түскені айтылады. Содан соң бұл түйелерді Мәскеудегі хайуанаттар бағына жөнелтуге шешім қабылданады.

Жазушы Шыңғыс Айтматов «Боранды бекет» романы арқылы қара бураның қасиеті мен атан түйенің киесін тамаша суреттейді. Ақын Сайлаухан Жолановтың «Аруана» атты поэмасында бұл жануарлардың қайда жүрсе де туған жерлеріне қайта оралатыны айтылады.

Бүгінде бір кездері соғысқа түйе жиналған Астраханьда бұл жануарларға арналып ескерткіш орнатылған. Ескерткіштегі қос түйенің бірі шөгіп жатса, екіншісі батысқа қарап тұр. Шөккен түйенің бауырына «Астрахань – Берлин» деп жазылған. Осылайша, соғыстың аяғына дейін қатысқан қос түйеге құрмет көрсетілген.

А.БЕК

ҚҰРМЕТ

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ – КІШІГЕ МІНДЕТ

Жыл сайын жеңіс күні қарсаңында Сыр өңірінің тәртіп сақшылары соғыс ардагерлерін мерекемен құттықтауды дәстүрге айналдырған.



Биыл да игі шара жалғасын тауып отыр.

Бұл жолы Ұлы жеңіс күні қарсаңында облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Дәурен Ибраев бастаған қызметкерлер тобы мен ардагерлер кеңесі ішкі істер органдарының Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендер, тыл ардагерлері мен соғыс ардагерлерінің жесірлерінің үйлеріне барып, мерекемен құттықтады.

Полицейлер Төлеш Әлиев, Әбділла Мұхтаров, Әубек Токсеитов секілді тыл ардагерлерін ҰОС ардагерінің жесірі Жаншай Аяпова апайдың отбасыларына

барып, мерекемен құттықтап, құрмет көрсетті.

«Ардақты ардагерлеріміздің майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді. Өскелең ұрпаққа үлгі боларлықтай ұлағатты істеріңіз үшін, сұрапыл соғыстағы көрсеткен ерліктеріңіз үшін жеке құрам атынан алғысымды білдіремін. Өмірлік күш-қуаттарыңыз ұзағынан болсын!» деп құттықтады департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Дәурен Алпысбайұлы.



Полиция қызметкерлеріне көрсеткен құрметтері үшін ризашылықтарын білдірген ардагерлер ақ баталарын берді.

Болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін жаумен шайқасқан ардагерлерді ұлықтау, құрметтеу – бүгінгі саналы ұрпақтың парызы. Отан үшін от кешкен жауынгерлер қандай да құрметке лайық.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚОР ЖҰМЫСЫНА ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Өткен ғасырдың соңында ауыл шаруашылығы саласы министрліктері мен Көкшетау, Торғай, Қызылорда облыстарын басқарып, республиканың дамуына орасан зор үлес қосқан айрықша тұлға, Социалистік Еңбек ері Еркін Нұржанұлы Әуелбековке ҚР Үкіметінің шешімімен Көкшетау қаласында ескерткіш орнатылатын болды. Ескерткіш құны – 45 млн теңгедей.

Ескерткіш негізінен заңды және жеке тұлғалар демеушілігінен түскен қаржыға орнатылады. Сондықтан өңірдің ірі, орта, шағын кәсіп иелері мен еңбекшілерінен құрылған «Еркін Әуелбеков қорына» қала, аудан әкімдіктері тарапынан қолдау шаралары жасалса дегіміз. Осылайша игі бастамаға облысымыз да үлесін қосса, қайраткер тұлғаның аймақ үшін атқарған орасан зор істеріне облыс халқының жасаған құрметі болар еді.

БИН/ИНН: 201141000409
НИК: KZ926010002119935222,
«Қазақстан халық банкі» АҚ Қызылорда филиалы.
БИК: HSBKZKZKX, Банк БИН-і: 940141000330.
Қор төрағасының қасиеті: 8-701-765-67-44.
Қосымша ақпаратты 70-10-43,
8-701-765-67-44 телефондарынан алуға болады.



СПОРТ

БОЗ КІЛЕМ БАТЫРЛАРЫ

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай Қызылордада қазақ күресінен XII облыстық «Алтын белбеу» сайысының ақтық кезеңі мәресіне жетті.

Жолбарыс жүректі, арыстан білекті боз кілем батырларының белдесулері қаладағы «Евразия» спорт кешенінде өтті. Балуандар бәсекесіне Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудандардан 9 команда, барлығы 200-ге жуық спортшы қатысты.

Түйе балуан сайысына 13 спортшы қатысты. Олардың арасында аралдық Нұрым Сәлімгереев «Сыр Барысы» атанып, «Алтын белбеу» белдігін қанжығасына байлады. Сондай-ақ Нұрымға 500 мың теңгенің сертификаты табысталды.

Сайыпқырандар жарысында арандай айбарлы Максат Исағабалов 2-орын алып, «Сыр Арланы» атанды. Оған 300 мың теңгенің сертификаты берілді.

Балуандар бәсекесінде Ержан Абуллаев 3-орын алып, «Сыр Сұңқары» атанды. Ержан 200 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Айта кетейік, 4-шіле күні Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Президенті жұлдісі үшін өтетін «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінде Сыр елінен Н.Сәлімгереев пен М.Исағабалов облыс намысын қорғайтын болады.

Сондай-ақ үш жас ерекшелігі бойынша 2004-2005 жылы туған жасөспірімдер, 2002-2003 жылы туған жастар және ересектер арасында спортшылар 26 салмақ дәрежесінде шеберлік байқасты.

«Ақмешіт-ақпарат»

Газеттің келесі саны 12 мамыр, сәрсенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сәйкесінше, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4843 Тапсырыс №656

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ